

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 216 (9278) | 1953 жылғы 27 октябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйып.

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығына арнаған Ұ Р А Н Д А Р Ы

1. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі жасасын!
2. Барлық елдердің еңбекшілерінің халықаралық ынтымағы жасасын!
3. Бейбітшілік жолында, демократия жолында, социализм жолында күресіп жатқан барлық халықтарға туысқандық сәлем!
4. Халықтар арасында бейбітшілік жасасын!
Мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешуге болмайтындай даулы немесе шешілмес мәселе жоқ!
5. Барлық елдердің еңбекшілері! Халықаралық шиеленісті бәсеңсіту жолындағы, бейбітшілік жолындағы, дүниесүзілік жаңа соғыс ашуға тырысатын агрессивті күштерге қарсы күресте халықтардың бірлігін нығайтыңдар! Бейбітшілікті жақтаушылардың қатарын көбейтіп, топтастыра беріңдер!
6. Халық шаруашылығын онан әрі өркендетіп, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру жолында, социалистік қоғам орнату жолында ойдағыдай күресіп жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне туысқандық сәлем!
Халықтық- демократия елдері мен Совет Одағының мызғымас достығы, ынтымағы көп жасап, нығая берсін!
7. Елді индустрияландыру жолында, экономика мен мәдениетті онан әрі өркендету жолында, өзінің халықтық- демократиялық мемлекетін барынша нығайту жолында ойдағыдай күресіп жатқан ұлы қытай халқына туысқандық сәлем!
Біздің елдеріміздің халықтарының игілігіне және бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайту ісіне Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының мызғымас туысқандық достығы, тығыз ынтымағы көп жасап, көркейе берсін!
8. Өзінің туған жерін интервенттерден қорғап қалған, халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында, бейбітшілік жолында, ұлттық бірлік жолында күресіп жатқан қаһарман корей халқына туысқандық сәлем!
9. Батыс Германияны дүниесүзілік үшінші соғыстың ошағына айналдырудың қылмысты жоспарларына қарсы күресіп жатқан Германияның демократиялық күштеріне сәлем!
Біртұтас тәуелсіз бейбітшілік демократиялық Германия жолындағы күрестің сенімді тірегі —Герман Демократиялық Республикасы жасасын!
10. Ұлттық тәуелсіздік жолында, өзінің туған елінің бейбіт және демократиялық жолмен өркендеуі жолында, Жапонияны империалистердің соғыс тірегіне айналдыруға қарсы ерлікпен күресіп жатқан жапон халқына сәлем!
11. Өзінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін империалистік езшілікке қарсы күресіп жатқан стар елдер мен тәуелді елдердің халықтарына туысқандық сәлем!
12. Англия, Америка Құрама Штаттары және Совет Одағы халықтарының соғыстың алдын алу және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресінде олардың достығы жасасын!
13. Совет Одағының халықтары мен Франция, Италия халықтары арасындағы достық жасасын!
14. Совет Одағының сыртқы саясаты —бейбітшілікті сақтаудың және нығайтудың, жаңа соғыс әзірлеуге және оны ашуға қарсы күресудің мызғымас саясаты, халықаралық ынтымақтың және барлық елдермен іскерлік байланысты күшейтудің

30. Көпшілік тұтынатын товарлар өндіруші өнеркәсіптің қызметкерлері! Жақсы және ерлі матаны, жақсы және жарасты киімді, төзімді және сәнді аяқкиімді, жоғары сапалы басқа да товарларды көп өндірейік! Көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін мықтап өркендетуді қамтамасыз етейік!
31. Азық- түлік товарлары өнеркәсібінің қызметкерлері! Азық- түлік товарларды өндірісін барынша ұлғайтыңдар, бұл товарлардың сапасын қажымастан жақсарты беріңдер! Ет пен балық өнімдерін, майды, қантты және басқа азық- түлік товарларын өліміздің халқына көп берейік!
32. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын жаңадан мықтап өркендету жолында күресіңдер, сөйтіп таудағы екі- үш жылдың ішінде өліміздің барлық халқының азық- түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған тілегін көнелте қанағаттандыратын болайық, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз етейік!
33. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еліміздің барлық колхоздарының онан әрі өркендеп, көркейе беруіне жетіңдер! Қоғамдық шаруашылықты нығайту және барлық жағынан бірдей өркендету жолында, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы өнімі мен товарлы өнімін арттыру жолында күресіңдер! Ғылымның және озат тәжірибенің табыстарын колхоз өндірісінде белсене қолданыңдар! Колхоздардың табысы өсуі және колхозшы шаруалардың әл- ауқаты артуын қамтамасыз етіңдер!
34. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендетіңдер, мал санын көбейтудің қарқынын күшейтіңдер, оның өнімділігін батыл арттыра беріңдер! Берін жемшөп қорын жасау жолында күресіңдер, мал қораларын салуды тезінен жүргізіңдер!
35. Машина- трактор станциялары мен совхоздардың қызметкерлері! Тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жақсы меңгеріп, толық пайдаланатын болыңдар! Колхоздар мен совхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын мейлінше арттыру жолында, қоғамдық мал басын көбейту жолында, егіншілік пен мал шаруашылығының өнімін молайту жолында күресіңдер!
36. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері! Картоп пен овощ өндірісін тез арттыруды қамтамасыз етіңдер! Бұл дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырыңдар, картоп пен овощ өсіруді механикаландыру ісін және озат агрономиялық едістерін көңінен енгізіңдер!
37. Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайтыңдар және олардың сапасын арттырыңдар! Халыққа қызмет ететін тұрмыстық кәсіпорындарын барынша көбейтіңдер!
38. Мемлекеттік және кооператив сауда қызметкерлері! Совет саудасын барынша өрістетіңдер, қалада және деревняда азық-түлік және өнеркәсіп товарларының саудасын жақсартыңдар, магазиндер мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын ұлғайтыңдар!

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бастаушы ұлы күші—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

ССРО Совхоздар министрлігінің Қазақ ССР, Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют совхозының қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтау туралы ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1949 жылғы 20 апрельдегі Указына сәйкес, 1951 жылы совхозда мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспары және өнімді мал мен құстың әрбір түрі бойынша жылдық өсімнің жоспары орындалып, мал шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін мыналар наградталсын:

ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН

1. Анюхина Пелагея —сауыншы, 8 сыйырдың орқайсысынан жылына орта есеппен 155 килограмм сүт майын алған.
2. Есенова Жамал —сауыншы, 8 сыйырдың орқайсысынан жылына 4171 килограмнан сүт сауып, әрбір сыйырдан орта есеппен 156 килограмнан сүт майын алған.

«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

1. Бекішова Күлтой — сауыншы.
2. Иванова Зоя Федоровна —сауыншы.
3. Пюнен Юлия Акимовна —сауыншы.
4. Фаст Анна Корнеевна —сауыншы.
5. Щукина Мария Петровна —сауыншы.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ч. ПЕГОВ.
Москва, Кремль.
16 октябрь, 1953 жыл.

ССРО Совхоздар министрлігінің Қазақ ССР, Солтүстік Қазақстан облысындағы совхоздары қызметкерлерін медальдармен наградтау туралы ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес, 1951 жылы дәнді дақылдарды және тұқымдық шөптерді жыйнауға және бастыруда жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін мыналар наградталсын:

«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

1. Ворспаев Николай Денисович —Преснов совхозының комбайншысы.
2. Котев Федор Николаевич —Преснов совхозының комбайншысы.
3. Подольно Иван Дмитриевич —Торангүл совхозының комбайншысы.
4. Попов Павел Петрович —Преснов совхозының комбайншысы.
5. Соколов Николай Петрович —Преснов совхозының комбайншысы.
6. Чарыков Семен Трофимович —Преснов совхозының комбайншысы.

«ЕҢБЕКТЕ ҮЗДІК ШЫҚҚАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

Берников Василий Филиппович —Преснов совхозының тракторшысы.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль.
16 октябрь, 1953 жыл.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына байланысты кәсіподақ

саясаты жасасын:

15. Совет жауынгерлері! Өздерінің әскери және саяси білімдерінді қажымай арттыра беріңдер, өздерінің жауынгерлік шеберліктеріңді жетілдіре беріңдер! Социалистік мемлекеттің қорғанысмаздық қуатын тынбастан нығайта беріңдер!

Біздің Отанымыздың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің күзетінде тұрған Совет Қарулы Күштерінің даңқы арта берсін!

16. Совет Одағының еңбекшілері! Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің теңірегіне бұрынғыдан да берік топтасайық, барлық күшіміз бен творчестволық жігерімізді елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдырайық!

Коммунистік партияның, Совет Үкіметінің және халықтың мызғымас бірлігі жасасын!

17. Совет Одағының еңбекшілері! Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағын, еліміздің халықтары арасындағы туыскандық достықты нығайта беріңдер! Ұлы Советтің көп ұлтты мемлекеттің бірлігін қажымай нығайта беріңдер, біздің социалистік Отанымыздың күш-қуатын арттыра беріңдер!

18. Совет Одағының еңбекшілері! Партия мен Үкіметтің жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, біздің бүкіл халқымыздың тұрмыс-дәрежесін мойлінше арттыруға бағытталған саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етейік! Халық тұтынатын товарлардың өндірісін жедел арттырайық!

19. Совет Одағының еңбекшілері! Бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарыста жаңа табысқа жетіңдер! Ғылымның, техниканың және озат тәжірибенің табыстарын өндіріске кеңінен енгізіңдер! ССРО халық шаруашылығын жаңадан мықтап өркендету жолында күресіңдер!

20. Совет Одағының еңбекшілері! Еңбек өнімділігін қажымай арттыра беріңдер! Социалистік шаруашылықтың барлық мүмкіншіліктері мен резервтерін толық пайдалануға жетіңдер! Өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміте беріңдер!

21. Көмір өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Көмір өндіруді арттырыңдар, жаңа шахталарды неғұрлым тез салып, іске қосыңдар! Еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру жолында күресіңдер, техниканы пайдалануды жақсартыңдар, көмірдің өзіндік құнын кемітіңдер! Халық шаруашылығына көмірді көп берейік!

22. Мұнай өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Мұнайдың жаңа кендерін тезірек игеріңдер және мұнай айыратын заводтар салыңдар, мұнай скважиналарын бұрғылау қарқынын күшейтіңдер! Жоғары сапалы мұнай өнімдерін көп берейік!

23. Электр станциялары мен электр өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Жаңа энергетикалық қуаттарды тезірек іске қосыңдар! Электр қуатын, электро техника және радио техника құрал-жабдықтарының, сол сияқты, халыққа арналған мәдени-тұрмыс товарларының өндірісін арттырыңдар!

24. Совет металлургияшылары! Металлургиялық және тау-кен кәсіпорындарының күш-қуатын пайдалануды жақсартыңдар, өндірістің процестерді механикаландыруды және автоматтандыруды өрістетіңдер! Елімізге шойынды, болатты, прокатты, түсті металдарды көп берейік!

25. Машина жасау кәсіпорындарының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Халық шаруашылығының барлық салалары үшін жаңа машиналар, аспаптар мен құрал-жабдықтар өндіруді арттырыңдар! Ауыл шаруашылығын жоғары өнімді машиналармен және құралдармен жабдықтау жолында күресіңдер! Ауыл шаруашылығы үшін тракторларды, машиналар мен запас бөлшектерді көп берейік!

26. Химия өнеркәсібінің қызметкерлері! Кәсіпорындардың күш-қуатын тезірек арттырыңдар! Еліміздің ескелең қажетін қанағаттандыру үшін минералды тыңайтқыштар, жоғары сапалы бояу заттары және басқа химиялық өнімдер өндірісінің үздіксіз өсуін қамтамасыз етейік!

27. Құрылысшы жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктері! Жаңа кәсіпорындарды, пәтер-үйлерді, мектептерді және ауруханаларды тезірек салыңдар! Құрылыстың индустриялық әдістерін кеңінен енгізіңдер, механизмдерді жақсы пайдаланыңдар! Құрылыстың құнын кемітіп, сапасын жақсартыңдар!

28. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Құрылыс материалдар өндірісін барынша өрістетіңдер, олардың сапасын жақсартыңдар!

29. Ағаш және қағаз өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері мен техниктері! Еңбек өнімділігін арттырыңдар, механизмдерді толық пайдаланыңдар! Өнімнің сапасын барынша жақсартыңдар, оның өзіндік құнын кемітіңдер! Ағаш материалдарын, қағаз бен мебельді көп берейік!

тұтынушыларға мәдениетті қызмет етіңдер!

39. Темір жол транспортының қызметкерлері! Темір жолдардың қабылдау-жетілту қабілетін арттыру үшін күресіңдер! Жүріс составтарын пайдалануды жақсартыңдар және тасымалдың өзіндік құнын кемітіңдер! Жолаушыларға жақсы қызмет етіңдер! Транспорттың қысқы жағдайға тынғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз етіңдер!

40. Теңіз және өзен флотының қызметкерлері! Халық шаруашылығына қажетті жүнтерді тез жеткізіңдер! Тасымал көлемін арттырыңдар, кемелердің айналымын тездетіңдер, порттардың, пристаньдардың және кеме жөндеу заводтарының жұмысын жақсартыңдар! Тасымалдардың өзіндік құнын үздіксіз кеміте беріңдер! 1954 жылғы тасымал маусымына үлгілі әзірленіңдер!

41. Автомобиль транспорты мен тас жолдардың қызметкерлері! Халық шаруашылығына қажетті жүнтерді және халыққа қажетті товарларды үздіксіз тасуды қамтамасыз етіңдер, жолаушыларды тасуды жақсартыңдар! Автомобиль транспортының жақсы пайдаланыңдар, тас жолдарды үлгілі тәртіпте ұстауды қамтамасыз етіңдер!

42. Байланыс қызметкерлері! Байланыс құралдарын дамытып, жетілдіре беріңдер! Почта, телеграф, телефон, радио жұмыстарының сапасын арттырыңдар! Халыққа қызмет етуді жақсартыңдар!

43. Совет мекемелерінің қызметкерлері! Мемлекеттік аппараттың жұмысындағы жауапкершілікті және мәдениеттілікті талмастан арттыра беріңдер! Мемлекеттің тәртіпті нығайтыңдар, социалистік заңдылықты қатаң сақтаңдар, еңбекшілердің тілегіне мұқият көңіл бөліңдер!

44. Ғылыми мекемелер мен жоғары мектеп қызметкерлері! Советтік ғылымды алға бастыра беріңдер! Ғылыми жұмыстағы кемшіліктерді ашатын сынды батыл өрістетіңдер! Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан сайын дамытуда ғылымның ролін арттырыңдар, мамандар даярлауды күшейтіп, жақсартыңдар!

45. Әдебиет және искусство қызметкерлері! Өз творчествоңыздың идеялық және көркемдік дәрежесін арттыра беріңдер! Ұлы халқымызға лайықты шығармалар жасаңдар!

46. Халық ағарту қызметкерлері! Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыра беріңдер! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелендер!

47. Медицина қызметкерлері! Халықтың денсаулығын сақтау ісін жақсартып, өркендете беріңдер, емдеу және санитария мекемелерінің жұмысында мәдениеттілікті арттыра беріңдер! Медицина ғылымының табыстарын практикаға енгізіңдер!

48. Совет кәсіподақтары! Халық шаруашылығы жоспарларын толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіңдер! Өндіріс жаңашылдарының тәжірибелерін таратыңдар! Жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық тұрмыс жағдайын және мәдени дәрежесін онан сайын арттыра беруге үздіксіз қамқорлық жасаңдар!

Коммунизм мектебі — совет кәсіподақтары жасасын!

49. Совет әйелдері! Социалистік ұлы Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін онан сайын гүлдөндіре беру үшін күресіңдер!

Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — совет әйелдері жасасын!

50. Коммунизмнің жас құрылысшыларының алдыңғы қатарлы стряды, Совет Одағы Коммунистік партиясының белсенді көмекшісі және резерві — Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы жасасын!

51. Советтің жас жігіттері мен қыздары! Ғылымды, техниканы және мәдениетті меңгеріңдер! Өздерінің қажырлы еңбектеріңмен Отанымыздың қуатын нығайта беріңдер! Елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісінің жеңуі жолындағы күресте табанды және батыл болыңдар!

52. Пионерлер мен мектеп оқушылары! Батылдығың және қажырлылықпен білімді меңгеріңдер! Оқуда, еңбекте және қоғам жұмысында табысқа жетіңдер!

53. Коммунистер мен комсомолецтер! Бесінші бесжылдық жоспарды толық және асыра орындау жолындағы, совет халқының өл-ауқатын онан әрі арттыру жолындағы, ССРО -да коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болыңдар!

54. Еліміздің халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

55. Коммунизм құрылысшысы — ұлы совет халқы жасасын!

56. Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының бағыт беруші және бастаушы ұлы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

57. Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің салтанат құруына қарай алға баса берейік!

ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

КБОО Секретариаты СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына байланысты кәсіподақ ұйымдарының жұмысы туралы мәселе талқылады. Қабылданған қарарда былай деп атап көрсетілді: Орталық партия комитеті сентабрь Пленумының қаулысы совет халқы үшін оның Коммунистік қоғам орнату жолындағы күресінде бірінші дәрежелі маңыз алады.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы белгілеген программасын орындау бүкілхалықтық іс болып табылады және оған барлық кәсіподақ ұйымдары барынша көңіл аударуға тиісті.

Орталық, республикалық, өлкелік, облыстық, фабрика-завод және жергілікті кәсіподақ комитеттері мен советтеріне СОКП Орталық Комитеті Пленумы қаулысына және Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын еңбекшілерге түсіндіру жөніндегі жұмысты кең өрістетуге, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек өрлеуі мен творчестволық инициативасын барынша дамыта отырып, Орталық партия Комитетінің қаулысында қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға бағыттап отыру тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы және дайындау орындарының жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының орталық, республикалық, өлкелік, облыстық және жұмысшы комитеттері жұмысшылар, тракторшылар, ауыл шаруашылығының мамандары арасында социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркендету, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендету және оның өнімділігін арттыру, өгіншіліктің, мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімді көбейту міндеттерін шешу үшін, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарларын уақытылы орындау үшін социалистік жарысты кең өрістетуге міндетті. Еңбек өнімділігін арттыру мәселесіне көңіл аударуды күшейтіп, барлық механизаторлардың жұмыс нормасын толық орындауын, машиналы техниканың өнімді пайдалануын қамтамасыз ету қажет. Ауыл шаруашылығының механизаторларын даярлауға және олардың мамандығын арттыруға көп көңіл бөлу керек, өнертапқыштар мен заңалық тапқыштардың бұқаралық қозғалысын күшейтіп, ауылшаруашылық өндірісі озаттарының инициативасы мен бағалы бастамаларын барынша өрістетіп, қуаттап отыру керек, олардың тәжірибесін кеңінен насихаттап, еңбектің озат өдістерін, ауылшаруашылық ғылымы мен практикасының ең жаңа жетістіктерін өндіріске енгізіп отыруды қамтамасыз етіп отыру керек.

МТС және совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің мәдени-тұрмыс қажеттерін өтеуге күшейте отырып қамқорлық жасауды күшейтіп, тұрғын үйлерді, жатақханаларды, мектептерді, ауруханаларды, балаларды тәрбиелейтін мекемелерді және басқа мәдени-тұрмыс объектілерін салу, жөндеу жоспарларының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету керек, сонымен қатар, әжеке меншікті үй салушыларға үлестік бөліп беруге, жергілікті құрылыс материалдарын

табуға барынша көмектесу керек, емдеу мекемелерінің жұмысына және халық тұтынатын товарлардың барлық қажетті түрлерімен үздіксіз сауда жасауды қамтамасыз ету ісіне талай бақылау жасап отыру керек.

Совхоз бөлімдерінің өзінде, егіс қостарында, трактор бригадаларында, мастер-скейларда мәдени-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Республикалық, облыстық, жол, аудандық және фабрика-заводтық кәсіподақ комитеттері, кәсіподақтық мәдениет үйлері, клубтары және кітапханалары қамқорлықтағы совхоздарға, МТС-терге және колхоздарға мәдени-бұқаралық жұмыстарын кең өрістетуге нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиісті.

Көңіл және тамақ, ағаш және қағаз, металлургия және көмір өнеркәсіптерінің, темір жол транспортының және халық шаруашылығының совхоздары мен көмекші шаруашылықтары бар басқа салаларының жұмысшылары кәсіподақтарының орталық, облыстық, жол, аудандық және фабрика-заводтық комитеттері совхоздар мен көмекші шаруашылықтардың коллективтеріне көңіл аударуды едәуір күшейтуге міндетті.

Машина жасау, транспорт және ауыр машиналар жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары өнеркәсібі, ағаш және қағаз өнеркәсібі және халық шаруашылығының ауылшаруашылық зақаздарын орындайтын басқа салаларының жұмысшылары кәсіподақтарының орталық, облыстық және фабрика-заводтық комитеттері өнеркәсіп орындарының ауыл шаруашылығына арналған зақаздарды уақытылы және жоғары сапалы орындау үшін, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының жаңа конструкцияларын неғұрлым тез жасап, өндіріске енгізу үшін жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер және қызметшілер арасында социалистік жарысты кең өрістетуге тиіс. Ауыл шаруашылығына арналған барлық зақаздардың уақытылы орындалуына үнемі бақылау ұрнатылатын болсын.

Темір жол, автомобиль транспорты, теңіз және өзен флоты жұмысшылары кәсіподақтарының орталық комитеті транспорт қызметкерлері арасында ауыл шаруашылығына арналған өнеркәсіп өнімдерін уақытылы жеткізу үшін социалистік жарысты кең өрістетуге тиіс. Кәсіподақ ұйымдары кәсіпорындар мен мекемелерден деревняға тұрақты жұмыс істеуге барып, өздерінің тікелей еңбегімен СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын жүзеге асыруға қатысқысы келетін жұмысшылардың, инженерлердің, техниктердің және агрономдардың игілікті талаптарын барынша қолдап отыруға тиіс.

Кәсіподақ ұйымдары өнеркәсіп орындары коллективтерінің МТС-терді, совхоздарды және колхоздарды қамқорлыққа алып, оларға машиналы техниканы неғұрлым жақсы пайдалану ісінде, таңдаулы кадрлардың, слесарьлардың, инженерлердің тәжірибелерін машина-трактор станциялары мен совхоздардың механизаторларына үйрету жөнінде көмек көрсетуін ұйымдастыруы қажет.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

(СОТА)

Жастар, ауыл шаруашылығы мамандықтарын меңгеріңдер!

Сөз ауыл шаруашылығының жас мамандары мен ауылшаруашылық оқу орындарының оқушыларына беріледі

Агроном—күрметті мамандық

Мен жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін техникумда оқып, агроном болуды мақсат еттім. Сондықтан бұдан үш жыл бұрын облысымыздың орталығындағы ауылшаруашылық техникумына оқуға түстім. Бірақ, техникумның I-II-III курстарында оқығанда, мектеп бітіргеннен кейін қайда жұмыс істеуді ойланғаным жоқ. Ол кезде мұны ойластыру ертерек те еді.

Быйыл жаңа оқу жылы басталып, техникумның соңғы курсы— IV курста оқып бастағанда, кейбір курстес достарым маған:

— Зейнолла, бізді мектеп мәселені өсірді, білім берді. Мектептен алған білімді практикада қолданатын уақыт та жақын қалды. Көне достым, айтып, сонда сен қайда жұмыс істейсің, — дейтін.

Достардың бұл сұрағының дәл жауабын таба алмай, іштей: рас-ау, мектепті бітіргеннен кейін қайда жұмыс істеуім керек деп, ойлағанмен көңіл тоқтатып бір түйінге келе алмай, мамандық талдау қалмас, әуелі мектепті бітіріп алайын да, деген қорытындыға келетімін.

Мені де, достарымды да толғандырып жүрген осы сұраққа жауапты СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында жасаған Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы және баяндама бойынша Пленум қабылдаған «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулы берді.

Агроном — егістен мол өнім алу жолындағы күрестің шын мәнісіндегі ұйымдастырушысы. Өйткені, егілген барлық дақылдардан мол және тұрақты өнім алу үшін жерді жыртуда, өңдеуде, тұқым себуде, егістікті күтіп-баптауда, өнімін жыйындауда агротехникалық ережелердің дұрыс сақталуы қажет. Ал, мұның өзі агрономиялық білімі бар кадрлардың қолхоздар мен совхоздардың егіс далаларында тікелей жұмыс істеуін талап етеді.


Партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығының барлық салаларын жедел өркендетуді шұғыл міндет етіп қойып отырғанда, мен техникумды бітіргеннен кейінгі орным қолхозда деп білемін. Бұл жағалы менің ғана емес, біздің техникумды быйыл бітіретін барлық студенттердің пікірі.

3. ЖҰСЫПОВ,

Ауылшаруашылық техникумының IV курсінің студенті.

Екінші мамандықты үйренемін

Соңғы жылдары Торанғұл МТС-інде қолбайыншылық міндетті аброймен орындап келемін. Жыл сайын егін жыйнауға еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп, МТС кол-



Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың көптеген жастары ауыл шаруашылығы мамандықтарын зор ынтамен меңгеруде. Облысымыздағы арнаулы ауылшаруашылық оқу орындарын үстіміздегі оқу жылында жүздеген жастар бітіріп шығады.

СУРЕТТЕ: ауылшаруашылық оқу орындарының бір топ оқушылары — (солдан оңға қарай), бірінші қатарда — Н. Сколовова — ауылшаруашылық техникумының III курс студенті, Д. Хамидуллин — ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының IV курс студенті, З. Тілеуова — ауылшаруашылық техникумының III курс студенті, А. Белокозненко — ауылшаруашылық техникумының IV курс студенті, Қ. Бекжанов — ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының IV курс студенті. Екінші қатарда — А. Таймышев — зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының III курс студенті, Т. Гашенева — зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының IV курс студенті, И. Грышан — ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының IV курс студенті, А. Макаренко — зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумының IV курс студенті.

Заводтан МТС-ке келдім

Социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласын мектептен өркендету мәселесіне партиямыз бен үкметіміз ерекше көңіл бөліп отыр.

Пленум егін, мал, овощ және картоп шаруашылықтарының барлық салаларын бірдей қызу қарқынмен өркендету және бұл іске техниканың қуатын сарқа пайдалану міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ауыл шаруашылығының мамандары орасан зор роль атқарады. Өйткені, олар қолхоздар мен совхоздар шаруашылығының мол табысты болуын ұйымдастырушы күш болып саналады.

Қаулыда көптеген МТС-тер мен қолхоздардың, совхоздардың ауыл шаруашылығы кадрларымен толықтырылмай келе жатқандығы, осының салдарынан ауыл шаруашылығының өркендеуі еліміздің еңбекшілерінің өскелең тілектеріне сай болмай отырғандығы атап көрсетілген.

Мен 1950 жылы Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механизациялау техникумын бітіріп шықтым. Сол уақыттан бері Киров атындағы заводта инженер-нормалаушы бөлімі жұмыс істеп келдім. Завод дирекциясы менің жұмыс істеуіме барлық жағдай жасады. Потер үймен, отынмен қамтамасыз етті. Бірақ, мен осыған қарамастан СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысымен танысқаннан кейін оны жүзеге асыру күресіне тікелей қатысып, өз үлесімді қосуды азаматтық борышым деп санадым. Сондықтан да мен завод дирекциясына МТС-ке жұмысқа баруға рұқсат сұрап, ары бар-

Агрономның абройлы міндеті

Мен 1951—1952 оқу жылында Петропавл ауылшаруашылық техникумын бітіріп, агрономдық мамандық алдым. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен сол жылы Асанов МТС-ке участоктік агроном етіп тағайындады.

МТС дирекциясы маған «Красный пахарь» колхозын қамтуда тапсырды.

Ең алдымен колхоздың егін шаруашылығы жайымен жете таныстым. Бұл уақытқа дейін колхозда егін шығымдылығын арттыру жөніндегі мемлекеттік жоспарлар жыл сайын орындалмай келген. Жер өңдеудің агротехникалық ережелері өрескел бұрмаланған. Осының барлығы колхозда егіннен алынатын өнімнің аз болуына негізгі себеп болған.

Осы кемшіліктерді жоюды мен ең негізгі міндетім деп алға қойдым.

Трактор бригадалары мен егіс бригадаларының жұмысты ынталандыра істеуіне, жер өңдеуде агротехникалық шаралардың мұқият қолданылуына жете көңіл бөлдім. Колхозда жыртылған пардың жақсы жұмысалуына жеттік. Ал, зяб жыртуда жердің терең жыртылуы қадағаланды. Егер тракторшылар жерді тайыз жыртатын болса, ол алаң қабылданып алынбайтын болды. Сондықтан да тракторшылардың ол жерді қайта жыртуы ұйымдастырылды.

Қысқы күндері де егін шығымдылығын арттыру қолына

Отаныма қызмет етемін

Бүкіл совет жастары сыяқты Отанға неғұрлым көп пайда келтіру менің де ойлаған негізгі мақсатым болатын. Бақыт күшағына бөленген совет жастарына, бізге осындай игі мақсатты жүзеге асыруға керекті мүмкіншіліктің барлығы бар. Өйткені, жастардың оқып білім алуларына, еңбек етулеріне партия мен үкметіміз ерекше көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап отыр.

Мен ССРО Конституциясында жазылған азаматтық правомды пайдалана отырып, білім алудамын. Ивановка жетіжылдық мектебін бітіріп, Петропавл қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға келдім. Өз ісіме жетік мал дәрігері болып шығу үшін бар ынта-жігерімді жұмсап, бірінші күрестен бері үнемі жақсы оқып келемін. Осы жылы жаз айында Совет ауданындағы «Победа», «Северный берег», «Путь к коммунизму» колхоздарында өндірістік тәжірибе болып, мал шаруашылығын өркендету ісіне тікелей көмектестім. Өндірістік тәжірибе менің алған білімімді оған сайын байытта түсті. Қазір техникумның ақырғы курсында оқып жүрмін.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулымы елімізде мал шаруашылығының әлі де болса артта қалып келе жатқандығын орынды атап көрсетіп, ол кемшіліктерді шұғыл жоюдың нақтылы шараларын белгіледі. Пленум қаулымы ең таядауағы уақытта қоғамдық мал басын көбейтіп, оның санын жақсарту арқылы өнімділігін арттырудың, соның нәтижесінде халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне деген, ал, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең тілегін барынша қанағаттандыруды ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына басты міндет етіп қойды. Бұл абройлы міндетті іс жүзіне асыруда мал мамандары шешуші роль атқарады. Өйткені, социалистік мал шаруашылығы советтік озат зоотехникалық-малдәрігерлік ғылымның табыстарын толығынан қолданғанда ғана үнемі көрнекті жетістерге жетіп отырады. Сондықтан мен осы техникумды бітіргеннен соң елімізде мал шаруашылығының тардыры шешіліп жатқан жерге барып, алған теориялық білімімді іс жүзінде қолданамын.

Ол үшін техникумда оқытқан пәндерді жете меңгеруге бар ынта-жігерімді жұмсап келемін. Сонымен қатар, мал шаруашылығы озаттарының іс тәжірибелерін де үнемі оқып үйреніп отырамын.

Мен техникумды өте жақсы бітіруді, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына және оған сәйкес ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын оған әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер

Совет соғыс кемелерінің Болгария портына достық сапары

СОФИЯ, 24 октябрь. (СОТА). Совет соғыс кемелерінің отряды Сталин портында болғаннан кейін Болгарияның Бургас портында болды. Совет теңізшілерін қарсы алуға теңіз жағасына қаланың 20 мыңнан астам еңбекшілері шықты. Қалада митинг болып, онда совет қонақтарын Болгария Коммунистік партиясының қалалық комитетінің секретары Янко Комитов және еңбекшілер депутаттарының округтік Халық советінің председатели Панайот Ярымов құттықтады. Оларға жауап ретінде совет соғыс кемелері отрядының командирі вице-адмирал В. А. Пархоменко сөз сөйледі.

Совет теңізшілерінің Бургаста болуы совет және болгар халықтарының қуанышты достық демонстрациясына айналды.

Совет теңізшілері кооператив-жер көсібі еңбек шаруашылығында және машина-трактор станциясында, сол сыяқты, Бургасқа жақын бір шахтада болды. Совет теңізшілері Болгарияны фашистік әскерлерден азат ету ұрыстарында қаза тапқан совет жауынгерлерінің Бургастағы туысқандық моласына және ескерткіштің іргесіне гүлдер қойды.

Бүгін совет кемелері жергілікті халықтың жылы жүзбен шығарып салуынан кейін еліміздің туған жағаларына қарай бет алды.

Грецияда совет фильмі «Садконың» табысы

АФИНЫ, 25 октябрь. (СОТА). 23 октябрьде Совет елшілігі Афинаның таңдаулы кинотеатрларының бірі «Эсперсете» совет кинофильмі «Садконың» көруді ұйымдастырды. Картинаны көруге грек үкметінің мүшелері, дипломатиялық корпус, парламент депутаттары, саяси партиялардың өкілдері және басқалар — барлығы 1200 адам қатысты. Фильмді көру үлкен табыспен өтті.

Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 25 октябрь. (СОТА). Бензин құятын автоцистерналарды жүргізуші екіжарым мың адамның Лондондағы ереуілі алтыншы күнге созылуда. Олар жалақының арттырылуын және кәсіпорындарының иелері жұмысқа кәсіп-одақтардың мүшесі еместерді тым төмен ақы үшін жұмысқа алмауын талап етуде.

Оңшыл кәсіподақтардың басшылары жұмысшылардың бұл әділетті талаптарын қолмадай отыр. Мәселен, транспорт және мамандығы жоқ жұмысшылардың кәсіподағының бас секретары Дикин ереуіл жасаушыларды ереуілді тоқтатуға шақырды.

Ереуілді болдырмауға тырысып, үкмет бензин тасуға әскери бөлімдерді әкеліп төкті. Бүгін бензин тасуда б

тіміздегі жылы «Қызылту» колхозының егін даласында еңбек еттім.

Агрегат мүшелерінің еңбек етудегі жауапкершіліктерінің артуы комбайнның тәулігіне тоқтаусыз 16—17 сағат жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде кей күндері бір «Сталинец—6» комбайнмен 28 гектарға дейін егін жыйнадық. 22 жұмыс күні ішінде 545 гектар егін жыйнап, маусымдық жұмыс тапсырмасын 150 процент орындап шықтық.

Еңбек өнімділігін еселеп арттыру біздің елдің азаматтарының дәстүрлі ісі. Сондықтан да мен келесі жылы бұдан да зор табыстарға жетуге тиіспін. Ол үшін комбайншылық мамандығымды арттырумен бірге, тракторшылық мамандықты да үйренемін. Комбайншының тракторшылық мамандықты үйренуі өте қажет. Өйткені, комбайншы агрегат бастығы болып есептеледі. Ол агрегаттағы машиналардың механизмін жақсы білуге тиіс. Егер мен трактордың механизмін жақсы білген болсам, үстіміздегі жылы бұдан да зор табыстарға жеткен болар едім. Бұл көшпелілікті келесі жылы жаятын болдым. Сөйтіп, алдағы егін жыйнау маусымына дейін екінші мамандықты үйреніп шығамын.

Қ. ӘБІШОВ,

Торангүл МТС-нің комбайншысы.

Тракторшы болдым

Мен Каганович атындағы (Совет ауданы) колхоздың мүшесімін. Бірнеше жылдан бері осы колхоздың дала бригадаларында жұмыс істеп келдім. СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының және ССРО Министрлер Советі мен СОБП Орталық Комитетінің МТС жұмысын жақсарту жөніндегі қаулыларын оқып, жете түсіндім.

Бұл қаулыларда социалистік ауыл шаруашылығын барынша өркендету шаралары белгіленіп, оны іс жүзінде асырудың нақтылы жолдары көрсетілген. Қаулыларда машина-трактор станцияларындағы қуатты техника күштерінің өнімді пайдалана алатын маман механизатор кадрлардың шешуші роль атқаратыны еске алынып, олардың ісіне зор маңыз берілген. Өйткені, ауыл шаруашылығындағы жұмыстардың басым көпшілігі техника қуатымен атқарылады.

Мен осы бүкілхалықтық іске өз үлесімді қосу үшін тракторшы болуды ұйғардым. Өзімнің осы ойым туралы колхоз басқармасына арыз беремін. Олар өтінішімді қабыл алып, курске жіберді. Мен көзірде Баркидегі ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебінде оқып жүрмін. Техниканың қуатын толық пайдалана білетін маман болу үшін алғашқы күннен бастап-ақ оқуды жақсы үлгеруге зор назар аударудамын.

И. МЕРКЕР,

Баркидегі ауыл шаруашылығын механизациялау мектебінің курсанты.

мен едім. Менің бұл тілегім орындалды. Бұдан 15 күн бұрын Петропавл МТС-інде жұмыс істеуге облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасынан жолама алдым.

Көзіргі күнде осы МТС-те участкалық механик болып қызмет істеймін. Рас, бұл МТС ауылшаруашылық жұмыстарында бұйым бірқатар табыстарға ие болған. МТС бойынша тракторлардың жылдық жұмыс жоспары мерзімінен бұрын, артығымен орындалды. Колхоздар бітік егін өсіріп, оны сызырмалы жыйнап алған. Алғайда, әлі де болса МТС-тің жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Ол — тракторлардың қуатының жұмысқа сарқалыдаланып, егін шаруашылығында агротехникалық шаралардың мұқият қолданылмауы. Мұның өзі егіннен бұдан да мол өнім алуға жері әсерін тигізбей қойған жоқ.

Мен өзімнің бар білімді, қабілетімді МТС-міздегі жоғарыда аталған кемшіліктерді жоюға, тракторлардың қуатын неғұрлым өнімді пайдалануға жұмсаймын. МТС-тің алдына қойылған міндеттеріміз жүзеге асыру ісіне белсене қатысатынмын. Көзіргі күнде МТС коллективі зәбір жұрту жұмысын үлгілі жүргізуде. Сол сыяқты, тракторлар мен комбайн паркін жөндеу жұмысына әзірлік те тығыздықты ұйымдастырылды.

М. ШАВШИН,

Петропавл МТС-нің участкалық механигі.

Облыс комсомол ұйымының маңызды міндеті

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығын барған сайын өркендетудің айбынды программасын белгілеп берді. Бұл қаулыны жүзеге асыру — колхоздар мен совхоздардың шаруашылығын алып адыммен өркендетуді, еңбекшілердің ауылшаруашылық өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пленум қаулысында дайындығы мол кадрлардың жеткіліксіздігінен ауыл шаруашылығы техникасының қуаты жұмысқа әлі күнге дейін толық пайдаланымай отырғандығы атап көрсетілді. Ауыл шаруашылығын барған сайын өркендету міндеті техниканы дұрыс пайдаланғанда және ауыл шаруашылығында дайындығы мол кадрлардың жеткілікті болғанында ғана жүзеге асырылады. Міне, сондықтан да облыс жастарының алдында орасан зор міндеттер тұр. Ол — ауыл шаруашылығының мамандығын жете меңгеру болып есептеледі.

БЛКЖО Орталық Комитетінің жақында болып өткен XIII пленумы еліміздің комсомолдері мен оларға жоқ жастарын СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресінде аянбай еңбек етуге, ауыл шаруашылығы мамандығын жете игеруге шақырып, колхоздар мен совхоздардың шаруашылығын оған әрі өркендетуге келілі үлес қосуға міндеттеді. Бұл істе облысымызда бірқатар жұмыстар істелді. Көптеген комсомолдер ауыл шаруашылығы мамандығын игеріп, колхоздар мен совхоздардың егін даласында, мал шаруашылығында қажырлы еңбек етіп келеді.

Осы уақытқа дейін облысымызда 844 комсомол тракторшы, 261 комсомол комбайншы, 34 комсомол зоотехникалық - малдәрігерлік, 163 комсомол агрономдық мамандығын меңгеріп, колхоздар

Ж. НҮРПЕЙСОВ,
ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары

мен совхоздарда қажырлы еңбек етіп жүр. Мәселен тракторшы комсомолец И. Демиценко жолдас Булаев ауданындағы «Гигант» колхозының егін даласында қажырлы еңбек етіп келеді. Ол өзіне бекітіліп берілген тракторын жақсы техникалық күтімде ұстап, оның қуатын жұмысқа неғұрлым өнімді пайдалануда. Осының нәтижесінде ол жазғы маусымның өзінде 620 гектар жер жұмыстады.

Комбайншы комсомолец Константин Ермолаев жолдас Быйыл Мамлют ауданындағы «Зерновая фабрика» ауылшаруашылық артели мүшелерінің зор құрметіне бөленді. Ол бір «Сталинец—6» комбайнмен 25 жұмыс күні ішінде 530 гектар егін жыйнап, 7 мың центнер астық бастырды. Интернационал МТС-нің электр қуатымен болат балқытушысы комсомолец Александр Литвиненко жолдас 9 айлық жұмыс жоспарын 255 процент орындап шықты.

Мұндай фактілерді облыс жастарының өмірінен көптеп келтіруге болады. Осының барлығы комсомол жастардың колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайту күресінде аянбай еңбек етіп жүргендігін толық дәлелдейді.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарына ауыл шаруашылығы мектептерін бітіріп шыққан комсомол жастар көптеп жіберіледі. Өткен жылы ғана ауыл шаруашылығы техникумдары мен мектептерін бітірген 46 механизатор, 80 агроном, 104 мал шаруашылығы мамандары жіберілді. Олар көзіргі күнде СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Үстіміздегі жылы облысымызда 380 комсомолдер мен жастар ауылшаруашы-

лық күрес бәсеңдетілмеді. Қыстың алғашқы күндерінен бастап сапалы тұқым әзірлеу ісі өңінен қолға алынды.

Қыста барлық егіс алаңына биіктігі 0,8—1,5 метрге дейін қар тоқтатылды. Жергілікті тыңайтқыштар жеткілікті мөлшерде дайындалып, көктемде оларды жер өңдеу ісіне дұрыс пайдалана білдік.

Колхозда агротехникалық үйірменің жұмыс істегеніне бұйым екінші жыл. Оған 21 колхозшы үзбей қатысып келеді. Оларға мен агротехникалық өрежелерді, озат егіншілердің іс тәжірибелерін үзіннен түсіндіріп, үйірме сабағын колхоздың өміріндегі жұмыстармен тығыз байланыстырып отырамын.

Сол сыяқты, көктемгі егіс жұмыстары кезінде де агроном зор роль атқарады. Ол егіс егілетін жердің сапалы өңделуін, тұқымдық дәннің белгілі мөлшерде сіңірілуін бақылап отыруға, бұл жұмыстарда агротехникалық шаралардың мінсіз жүзеге асырылуына жетісуге тиіс.

СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қаулысы біздерді — ауыл шаруашылығы мамандарын колхоздың шаруашылық жұмыстарын өркендету ісіне қолма-қол көмек көрсетуге міндеттеді. Мен бұл міндетті аброймен орындап шығуға бар күшімді жұмсаймын.

Т. ПРОКОПЬЕВА,

Асанов МТС-нің участкалық агрономы.

лық техникумдары мен мектептерінде оқуда. Ал, 500 адам механикалық мектептерде қысқа мерзімді курстарда оқиды. СОБП Орталық Комитетінің септябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру мақсатымен облыстық комсомол ұйымдары 231 адамды мал шаруашылығында жұмыс істеуге жіберді. Сол сыяқты, көптеген қала комсомолдері колхоздар мен МТС-терге жұмысқа жіберуді сұрап арыз беруде. Мұндай арыз берген 49 комсомолден 26 комсомол колхоздар мен МТС-терде тракторшы, агроном және зоотехник болып жұмыс істеп те жүр.

Әрине, бұл жеткіліксіз. Комсомол ұйымдары ауыл шаруашылығы мамандығын меңгеру жөніндегі комсомолдер мен оларға жоқ жастардың инициативасын және олардың бірнеше мамандықты игеру жөніндегі талаптарын қолдап отыруға тиіс. Сондықтан әрбір МТС -те екінші, үшінші мамандықты игеру жөніндегі курстарға комсомолдер мен жастардың толық қамтылуы керек.

Көзір колхоздарда агрономиялық және зоотехникалық білім беру жөніндегі үйірмелер жұмыс істеуде. Бұл үйірмелерге жастардың көптеп тартылуы қажет. Бұл олардың шеберлігін арттыра береді.

Комсомол ұйымдары ауыл шаруашылығының жас мамандарының арасында саяси тәрбие жұмысын жақсарту тусіп, оларға көмектесіп отыруға міндетті. Сонымен қатар, комсомолдердің өздері де ауыл шаруашылығы тылығындағы жаңалықтар мен озаттардың тәжірибелерін колхозшылар бұқарасына үнемі насихаттап, түсіндіріп отырулары керек.

Облыс комсомолдері мен жастары СОБП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қаулысын орындай отырып, ауыл шаруашылығы мамандығын жете меңгеретіндері және колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайту күресінің алдығы қатарында болатындықтарын сөзсіз.

шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті талсыру нормаларын келіту шаралары туралы қаулысына нақтылы іспен жауап беруді ең ардақты борышым деп білемін.

А. МАКАРЕНКО,

Петропавлдағы зоотехникалық - малдәрігерлік техникумы IV курсының студенті.

Колхоз өндірісінде істеймін

Мен бұйыл ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының соңғы курсына оқидым. Келесі жылдан бастап маған көзіргі заманғы отандық бай техникамен қаруланған және үнемі өркендеп отырған социалистік ауыл шаруашылығымызда механизатор болып, өндірісте тікелей жұмыс істеуге тура келеді.

Партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойып отырған аса жауапты міндетті шешуге тікелей қатысуды ең игілікті борышым деп есептеймін.

Бұл сезім мені мектепте барлық пәндерден жақсы оқуға ғана емес, сонымен бірге, өндірістік практика жұмыстарында да ынталы еңбек етуге, колхоз өндірісінде көптен бері істеп жүрген тәжірибесі мол механизаторлардан үйренуге жігерлендіреді. Бұйыл мен өндірістік практикада Ленин атындағы колхозда (Ленин ауданы) комбайншының көмекшісі болып істедім. Алғашқы кезде комбайн жиі тоқтап қалып отырды. Өйткені, бітік өсірілген егіннің сабаны пикерлердің валигіне оралып, оның жұмыс істеуіне мүмкіндік бермеді. Мен сабанның валикке оралу себебі неліктен болатындығын үнемі бақылап отырдым да, бұл жағдайды болдырмау үшін бірінші және екінші пикерлерді қайта жабықтау, штифтерді кесіп қысқарта түсу керек деген қорытындыға келдім. Комбайншы менің пікірімді дұрыс деп тауып, оны істеуді өзіме тапсырды. Бұл өзімнің нәтижесін берді, пикерлер валигіне сабан оралып, сол себепті комбайнның тоқтап қалуы жойылды. Комбайн қалтқысыз жұмыс істейтін болды. Осының нәтижесінде біз жұмыс істеген «Сталинец—6» комбайнмен 420 гектар дөңді дақылдар сапалы жыйналды. Міне, бұл мен үшін тікелей өндірісте шыңдам, шынықтыратын екінші мектеп болды.

Колхоздар ірі және көп салалы шаруашылықтарға айналып, ал, машина-трактор станциялары көзіргі заманның техникасымен жабықталған ауылшаруашылық өндірісінде шешуші күш болып отырған кезде, техниканы толық меңгерген, өндірісте теория мен тәжірибені байланыстыра білетін ауыл шаруашылығы мамандарын көп дайындауды септябрь Пленумы атап көрсетті. Еліміздің барлық халықтарының да талабы міне, осы. Сондықтан да мен жұртшылық тілегіне сай маман болу үшін білім алу жолына барлық ынта-жігерімді жұмсаймын.

Д. ХАМИДУЛЛИН,

Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының IV курсының студенті.

менің солдай жұмыс істедім. Кеше ереуіл жасаушыларға Лондонның автобус гараждарының бірінде істейтін 250 машина жүргізушілер қосылған.

БРИТАН ГВИНАСЫНДА ПРОГРЕСШІЛ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІ ТҮТҚЫНДАУ

ЛОНДОН, 25 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, кеше Британ Гвианасының халықшыл-прогресшіл партиясының басшылары Сидней Кинг, Рори Вестмас және Мартин Картер, сол сыяқты, осы партияның екі қайраткері тұтқынға алынған.

Көзір Лондонда жүрген Британ Гвианасының бұрынғы премьер-министрі Чедди Джаган мәлімдеме жасап, бұл тұтқындауларды «масқара әрекеттер» деп атаған.

ИТАЛИЯНЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ СУ ТАСҚЫНЫ

РИМ, 25 октябрь. (СОТА). «Паэзе сера» газетінің хабарына қарағанда, Калабрияда нөсер жаңбырлар әлі болып тұр. Су тасқыны салдарынан үлкен қырау-бүлінумен байланысты өкілет орындары соғыс флотының кемелері пайдаланып, апатқа ұшырағандардың бір бөлігін Сицилияға жөнелтуді ұйғарған. Су алып кеткен көптеген поселоктердің адамдары бүтін қалған үйлердің төбелерінде отырғып көмек күтуде.

Реджо-ди-Калабрия провинциялық советінің председатели Тропе су тасқынынан болған материалдық зиянның мөлшері, шамамен, 30 миллиард лир болады деп мәлімдеген.

Апатқа ұшыраған аудандардың халықтары өкмет орындарына тоғандар орнату және қажетті әлеуметтік жұмыстарды жүргізу жөніндегі өздерінің бірнеше рет берген үнделерін орындамағандықтарын естеріне түсіруде.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕМЕЛЕР ҚАМАЛДАРҒА ШАБУҢ ЖАСАЙДЫ»
(«Адмирал Ушаковтың» 2-сериясы)
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛЕША ПТИЦЫН МІНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ»
Сеанс сағат 4-те басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.